

Қызметтік жер үлесіне құқығы бар қызметкерлер санатының тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 23 мамыр N 634. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.09.08. N 908 қаулысымен.

"Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123

қ а у л ы с ы м е н

1. Қызметтік жер үлесіне құқығы бар қызметкерлер санатының қоса беріліп отырған Тізбесі бекітілсін.

2. М ы н а л а р :

"Су шаруашылығының мұқтажына арналған жерлерді, автомобиль жолдарының бөліп берілетін белдеулерін, ішкі су жолдарының жағалаулық белдеулерін және қызметтік жер үлесіне арналған жерлерді бөліп беру мен пайдалануды реттеу туралы" Қазақстан КСР Министрлер Кеңесінің 1962 жылғы 25 қыркүйектегі N 711 қаулысы;

"Қызметіне байланысты, ереже бойынша, елді мекеннен шалғай тұруға тиісті жұмысшылар мен қызметкерлерге қызметтік жер үлестерін бөліп берудің нормалары мен тәртібі жөніндегі Ереженің күшін мемлекеттік қорықтар мен аңшылық шаруашылықтар қызметкерлеріне қолдану туралы" Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1964 жылғы 27 наурыздағы N 208 қаулысы;

"қызметіне байланысты, ереже бойынша, елді мекеннен шалғай тұруға тиісті жұмысшылар мен қызметкерлерге қызметтік жер үлестерін бөліп берудің нормалары мен тәртібі жөніндегі Ереженің күшін темір жол көлігінің механикаландырылған қашықтық және тиеу-түсіру жұмыстары өндірістік учаскелерінің қызметкерлеріне қолдану туралы" Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1967 жылғы 19 маусымдағы N 455 қаулысы (ҚазКСР ҚЖ, 1967 ж., N 3, 25-бап) күшін жойған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1996 жылғы 23 мамырдағы

№ 634 қаулысымен

Бекітілген

Қызметтік жер үлесіне құқығы бар қызметкерлер санатының

Тізбесі

1. Қызметтік жер үлесі жерді уақытша ұзақ мерзімге пайдаланудың ерекше бір түрі болып табылады және ол жер үлесіне құқығы бар адамдар жұмыс істейтін заңды ұйымның жер пайдалануындағы мемлекеттік жерлерден бөлінеді. Қызметтік жер үлестері қызметтік тұрғын үйге қызмет көрсету, ауыл шаруашылығы дақылдарын егу, шабындық және мал жайылымы үшін беріледі.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. № 1123

қаулысымен

2. Қызметтік жер үлесі тәртібімен берілген учаскелердегі жер қатынастары "Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңының 32-бабына сәйкес реттеледі.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. № 1123

қаулысымен

3. Қызметтік жер үлесіне қызметкерлердің мына санаттарының:

1) темір жол көлігінің желілік қызметкерлері:

жолдарды, көпірлерді, құлайтын жерлер мен тоннельдерді тексерушілердің, жол айырығындағы кезекшілердің;

жол жұмысшылары және ғимараттарды күнделікті ұстау, жөндеу жөніндегі жұмысшылардың, жол бригадирлерінің, техниктердің;

жол машиналары мен механизмдері механиктерінің және механиктер көмекшілерінің, автодрезин, мототасығыш жүргізушілері мен олардың көмекшілерінің, сондай-ақ жолдарды күнделікті ұстау мен жөндеуде пайдаланылатын автомашиналар жүргізушілерінің;

аға жол шеберлерінің, көпір, жол және тоннель шеберлерінің;

қорғаныштық орман алқағаштары қашықтығының орман дақылдары өндірістік учаскелері шеберлерінің, орманшыларының, бастықтарының, бригадирлерінің, бригадир-механиктерінің, автомашина жүргізушілерінің, тракторшыларының;

кезекші айырушылардың, белгі берушілердің, машинистердің, машинистер көмекшілерінің, электромеханиктердің, күл шығарушылардың, тауар және билет кассирлерінің, қож тазалаушылардың;

локомотив бригадасының демалыс үйлері және ауысым пункттері меңгерушілерінің, кезекшілері мен қызмет көрсетушілерінің;

түрлі пункттерде тұратын локомотив машинистерінің, олардың

к ө м е к ш і л е р і н і ң ;

электрмен жабдықтаудың жүйелік аудандары қызметкерлерінің;

IV және V-санаттардағы станциялар электромеханик-бастықтарының;
бақылау техникалық қызмет көрсету пункттері жылжымалы құрамының
қараушы-жөндеушілері, операторлары, слесарларының;

"ПОНАБ" және "ДИСК" приборларымен жабдықталған қауіпсіздік посттары
вагондарын қараушылардың;

сумен жабдықтау пункті қызметкерлерінің: насос станциялары шеберлерінің,
бригадирлерінің, слесарларының, автомашиналар жүргізушілерінің,
электриктердің, бульдозершілердің, экскаваторшылардың, тракторшылардың,
ағаш шеберлерінің, жабдықтаушылардың, газ-электрмен дәнекерлеушілердің,
токарьлардың, от жағушылардың;

байланыстық жүйе аудандарының, поезд подстанциялары
бастықтарының, электромеханиктерінің, электромонтерлерінің, автомотокөлік
жүргізушілерінің;

орталықтандыру және блокадалаудың белгі беру (ОББ) электромеханиктерінің
;

IV және V-санаттар станцияларының бастықтары мен кезекшілерінің, поезд
құрастырушылары мен олардың көмекшілерінің;

жолдарда орналасқан мектепке дейінгі балалар мекемелері мен медпункттер,
сауда нүктелері қызметкерлерінің;

2) автомобиль жолдарын жөндеу мен ұстау қызметінің жол қызметкерлері;
жол жұмысшыларының, жөндеу монтерлерінің;
көпір қарауылыларының;
салышылардың (паромщики);
жол және көпір шеберлерінің;
қардан қорғау және сәндік ағаштар жөніндегі шеберлердің және
ағаш питомниктері қызметкерлерінің;

3) өзен және теңіз флотының қызметкерлері:
аға және қатардағы посттар мен жол жұмысшыларының, кеме жағдайын
хабарлаушылардың;

шамшырақтар мен гидротехникалық ғимараттар қызметкерлерінің;

4) орман шаруашылығының қызметкерлері:
орманшылардың, орман шеберлерінің, егерлердің (егеря);
орманшылар көмекшілерінің, орманшылардың;

5) жол-техникалық цехтары мен учаскелердің, халықаралық байланыс және
телевидениенің кабельдік магистралі жүйелік байланыс торабы қызметкерлері:
кабельші-дәнекерлеушілердің;

6) су шаруашылығы жүйесі басқармасының, су қоймасының, бассейндік су

шаруашылығы бірлестіктері мен оларға теңестірілген, су шаруашылығы объектілерінде тікелей тұратын және өздерінің қызметтік міндеттерін атқаратын қызметкерлер:

учаскелік гидротехниктердің, гидроөлшегіштердің, су техниктерінің, қадағалаушыларының, сондай-ақ су шаруашылығы объектілерінде қызмет көрсету жөніндегі басқа да мамандардың (насос станциялары машинистерінің, электрліктерінің);

7) мемлекеттік табиғат қорықтары, ұлттық табиғат парктері мен мемлекеттік табиғат заказниктері және басқа да айрықша қорғалатын аумақтар қызметкерлері:

аға егерлердің, егерлердің, орманшылардың, аға инспекторлардың, инспекторлардың, тоғай қызметкерлерінің;

8) аңшылық шаруашылықтарының қызметкерлері:

аға егерлердің, егерлердің;

балық жетекшілерінің;

кастеляншалардың, тазалаушылардың, жұмысшылардың, қарауылдардың;

9) ауыл шаруашылығының қызметкерлері:

шалғайдағы мал шаруашылығы формалары меңгерушілерінің, зоотехниктердің, мал дәрігерлерінің, табыншылардың;

табын айдау жолдарына қызмет көрсететін егіс алқаптары мен базалар қарауылдарының;

10) труба тарту көлігінің қызметкерлері:

желілік тексерушілердің;

11) гидрометеорологиялық қызметтің қызметкерлері:

гидрометеостанциялар бастықтарының;

техник-метеорологтардың;

техник-гидрологтардың;

техник-агрометеорологтардың;

гидрометеопосттар байқаушыларының;

12) балық шаруашылығы қызметкерлері:

балық жетекшілерінің;

қарауылдарының;

тоған жұмысшыларының;

инкубация цехтары жұмысшыларының;

насос станциялары машинистерінің құқығы бар.